

**«Биологиялық қауіпсіздік проблемаларының ғылыми-зерттеу институты»
ЖШС қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау
нәтижелерін жария талқылау
ХАТТАМАСЫ**

күк. Гвардейский

23 сәуір 2025 жыл

Басталуы: 11 сағат 30 минут

Аяқталуы: 12 сағат 22 минут

Қатысты:

А.А. Керимбаев – бас директордың м.а., Н.С. Абдалиев – Әкімшілік-қаржы басқармасының басшысы, Н.Б. Мукашова – Қаржы және бухгалтерлік есеп бөлімінің басшысы – бас бухгалтер, Болат А. – Сатып алу бөлімінің басшысы, Әлібекова Ә.А. – Персоналды басқару бөлімінің басшысы, Аширбеков А.А. – комплаенс-офицер.

Күн тәртібі: Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау (бұдан әрі - СЖТІТ) нәтижелерін талқылау.

Сөйлегендер:

СЖТІТ нәтижелерін талқылауды «Биологиялық қауіпсіздік проблемаларының ғылыми-зерттеу институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі - Серіктестік) комплаенс-офицері Аширбеков Азамат Атарқұлұлы ашты, қатысушылардың барлығын таныстырып, талқылауды бастады.

Комплаенс-офицер Серіктестікте «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 5-тармағына, 2025 жылға арналған №4 «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл» үлгілік базалық бағытына сәйкес және Бас директордың м.а. 19.03.2025 жылғы №48-Ө бұйрығының негізінде СЖТІТ жүргізіліп жатқанын хабарлады. СЖТІТ 2024 жылдың 2-ші жартыжылдығында жүргізіледі.

Комплаенс-офицер Кәсіпорында СЖТІТ келесі бағыттар бойынша жүргізілуде екенін хабарлады:

- 1) Серіктестіктің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2) серіктестіктің ұйымдастырушылық - басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

СЖТІТ объективтілік, сенімділік, айқындық, жап-жақтылық қағидаттарында жүзеге асырылуда.

Талқылау барысында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын сақтау бойынша барлық маңызды мәселелер талқыланды.

Келесі қорытындылар шығарылды:

Комплаенс офицер ұсынылды:

1) серіктестікті қайта ұйымдастыруға байланысты Ұжымдық шартты жаңарту;
2) сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдарды жұмысқа қабылдауды болдырмау мақсатында Серіктестіктің аттестаттау комиссиясының құрамына комплаенс-офицерді қосу;

3) гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу шеңберінде әлеуетті өнім берушілердің коммерциялық ұсыныстарын бағалау жөніндегі комиссияны құру және оның жұмысы жөніндегі Нұсқаулықты жаңарту және толықтыру.

Сондай - ақ, СЖТІТ жүргізу кезінде Серіктестік қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде және ұйымдық-басқару қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмағандығы аталып өтті.

Бас директордың м.а.



А.А. Керимбаев

**Әкімшілік-қаржы басқармасының
басшысы**



Н.С. Абдалиев

**Қаржы және бухгалтерлік есеп бөлімінің
басшысы – бас бухгалтер**



Н.Б. Мукашова

**Сатып алу
бөлімінің басшысы**



А. Болат

**Персоналды басқару бөлімінің
басшысы**



Ә.А. Әлібекова

Комплаенс-офицер



А.А. Аширбеков